

егемен

Азатстан

## Ісіне қарап кісіні таны

Астананың Горький атындағы академиялық орыс драма театры бүгінгі күні еліміздегі белді өнер ошақтарының біріне айналған. Оны қазақ мектебін бітіріп, қазақ театрларында әртіс болып істеген Еркін Қасеновтің басқарып отырғанына да он жыл болды. Осы жылдарда қатардағы театр әлемдік арена-ларға шығып, бірнеше шетелде гастрольдық сапармен болды. «Академиялық театр» атағын алып, мәртебесі де біршама көтерілді. Жуырда Ресей Федерациясының президенті В.Путиннің өзі қол қойған Алғыс хатты да алып отыр. Бірнеше өнерпаздар қазақстандық атақтар мен марапаттарға ие болды, соның ішінде Е.Қасенов «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағын алды. Осы табыстардың бәрі театр басшылығына оңай келген жоқ, әрине.



Жасыратыны жоқ, егер орыс театрын немесе орыс тілдес ұжымды (оның ішінде газет, журналдар да бар) украин, армян, неміс, корей немесе т.б. ұлт өкілдері басқарса ешкім таңғалмайды, ал ана тілінде ойлап, ана тілінде сөйлейтін қазақ басқарса таңданыс, тіпті үрке қарау орын алады.

Амал не, біздің еліміздегі жағдай солай қалыптасқан және әлі де сол әдеттен, өкінішке қарай, арыла алмай келеміз... Өзге тілде өнерін көрсететін шығармашылық ортаны қазақша сөйлейтін адам басқарса – өресі жетпейтін сияқты көрінеді де тұрады.

Осыдан он жыл бұрын аталмыш театрға директор болып Еркін Қасенов тағайындалғанда да жұрттың бәрі солай ойлап, оны уақытша келген адам ретінде қабылдады. Оның үстіне осыған дейін театр ұжымында бей-берекетсіздік көп болып, бірнеше директор ауысқан еді. Мәдениет саласының басшылары Еркін Тілеуғазыұлын соңғы жылдары шенеуніктер қатарында жүрген жерінен алып, айғай-шуы толастамай тұрған ұжымға уақытша жібергендей көрінген. Бірақ кез келген адаммен ортақ тіл табыса білетін, ашық мінезді, жомарт жүректі, кең өлшеп, кесек турайтын Ерекең ұзамай ұжымда тұрақтылық орнатып, оның күш-жігерін шығармашылық ортақ табыстар жолындағы бір арнаға тоғыстыруға мүмкіндік жасай білді. Бүгінгі тілмен айтқанда, ол табысты менеджер, тереңді болжайтын психолог және театр өнерінің сыралғы маманы екенін танытты. Шығармашылық тоқырауда жүрген ұжым қазақша ойлайтын директордың тегеурінімен аяқ

астынан түлеп, күш-жігерін қалай шыңдады деген сұрақты бірде Ерекене қойғанымызда ол: «Жол таппай ұйлығып, тұрып қалған ортаға тың тыныс беру үшін гастрольге шығару, фестивальдарға қатыстыру керек деп ойладым. Өйткені өнер сапарлары актердің, шығармашылық ұжымның өсуі мен ойлануының құлпын ашатын кілттің бірі», деп жауап берді.

Сөйтіп өзінің директор болып келгеніне бірнеше ай ғана өткен Еркін Қасенов ол кезде «астаналық» деген аты дардай болғанымен болмысы «провинциялық» театрды «жығылсаң нардан жығыл» дегендей Қазақстан өнері мен мәдениетінің ордасы Алматыға гастрольдік сапармен шығарады. Бойындағы барлық ұйымдастырушылық қабілетін, алыс-жақын таныс-білістерін іске қоса отырып жас директор алматылық асқақ көрермендердің кең залды толтыруына, баспасөздің Астана театрының Алматыға алғаш келуіне арнап бірнеше хабарлар мен сын-тілектер жазуына қол жеткізеді. Театр саласының талай тісқаққан мамандары, актерлер мен режиссерлер астаналық театрдың туындылары туралы өздерінің лебіздерін білдіреді.

Айтуға ғана оңай болғанмен осынау шаруаны абыроймен атқара білген директордың беделі ұжым алдында біршама өсіп, оның іскерлігіне сеніммен қарайтындар алғаш сол жолы көрінгенді. Өз қабілеттерінің қыры да сол жолы танылып, провинцияда көптен бері кеудесіне нан пісіп жүрген бірқатар актерлер алматылық білікті сыншылардың шынның жүзіне салған мақалаларын көргенде, жүндері жығылып, шеберліктерін шыңдау қажеттігіне назар аудара бастаған.



Осы кезден бастап тек тың шығармашылық тыныс қана өз-өзінен күпсініп, жетілдім, жетерлік болдым деп ойлайтын ұжымды серпілте алатынын Еркін Қасенов те жақсы түсінеді. Сондықтан да сырттан білікті режиссерлер шақырып, шығармашылық ортаның шеберлігін шыңдайтын жаңа әдіс тапты. Бұл бұрыннан белгілі әдіс болғанымен Қасенов оны жаңа арнаға көтерді. Соның қатарында ол литвалық белгілі режиссер Йонас Вайкусты шақырып, бұрын өңір қолға алып көрмеген жаңа материал болып табылатын Анна Яблонский пьесасының негізінде «Язычники» («Пұтқа табынушылар») спектаклін дайындатты. Бұл бүгінгі драматургияның тақырыптан да, палитра мен тереңдіктен де ақсап

тұрған кезінде классика мен осы заманның тепе-теңдігін сақтап ұсынылған материал еді. Орыс театрларының Балтық бойындағы мэтрі болып танылған режиссер күрделі материалды табыспен игеріп, қазақстандықтар бұрын көрмеген жаңа туындыны ұсына білді. Бұл Астана тұрғындары үшін айрықша жаңалық болып, талай адам ризашылығын білдіріп жатты. Ұжым да өз күшіне сеніп, енді күрделі материалдарға батылдықпен қол соза бастады. Театрдың өрісін арттырып, құлашын кеңге сілтеу жолында шын шеберлердің қойылымын сахнаға шығару керек екеніне көзі жеткен Еркін Қасенов осыдан әрі де талай театр майталмандарын шақырып, олардың туындыларын



көрермендерге ұсынды. Айта кететін жайт, директордың кісіге жақын, адамдармен тіл тапқыштығының арқасында астаналық зиялы қауым арасынан орыс театрының тұрақты көрермендері қалыптасты. Арасында шетелдік дипломатиялық миссиялар басшылары мен олардың отбасыларынан тұратын элиталық топ та бар. Сырттан шақырылып, спектакль қойған мамандар қатарында Австриядан Егише Гаворкян, Ресейден Александр Каневский, Леонид Чигин, Владимир Тыкке, Дмитрий Горник және т.б. болды. Соңғы кезде тәжікстандық шебер Барзу Әбдіразақовпен шығармашылық әріптестік орнаған. Осы жылдарда орыс театрының іргесін нығайтуға арнайы шақыруымен келген бас режиссер Бекболат Парманов, бас суретші Қанат Максұтов сияқты жігіттер де атсалысып жүр. Өз араларындағы ұсақ, пендешіл кикілжіңдерге мойын бұрмайтын, шын мәніндегі шығармашылықты ғана пір тұтқан ұжым да қалыптасып қалды. Өйткені актерлер өз табыстары тек бірлескен жұмыс пен біріккен өнерде екенін ұққан. «Сырт көз – сыншы» дегендей, Горький театрының өнерін түрлі мамандар да жоғары бағалап жүр. Соның ішінде Халықаралық театр сыншылары ассоциациясының мүшесі, ЮНЕСКО-ның халықаралық театр институтының вице-президенті Нинэль Мазур (ГФР) былай деп жазыпты: «М.Горький атындағы Астананың (Қазақстан) академиялық орыс драма театры көптеген халықаралық фестивальдарға қатысып жүр. Мен Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Еркін Қасенов басқаратын осынау шығармашылық ұжымның қадамдарын көптен бері бақылап, фестивалдан фестивальға өсіп, көркемдік шеберлігін арттырып келе жатқандығының куәсі болып жүрмін. Бүгінгі күні оның репертуарында отандық, орыс және шетелдік классиканың туындылары ғана емес, осы заманғы драматургия да орын алған. Спектакльдерді театрдың бас режиссері Бекболат Парманов қана емес, шетелдердің түрлі жастағы шақырылған режиссерлері де қояды. Осыдан шығармашылық қолтаңбалардың, көп-полярылықтың сан түрлі қырлары көрініп тұр».

Жоғарыда біз басшының адамдармен ортақ тіл тапқыштығы, кісілік қасиетінің арқасында Қазақстандағы дипломатиялық миссиялар басшылары, Төтенше және өкілетті елшілермен етене араласатындығын айтқан едік. Солардың арасында Венгрия елшісі Имре Ласлоцкий, Қытай елшілігінің консулы Ли Чжи және т.б. бар. Ал Ресей, Украина, Белоруссия, Грузия, өзге де бұрынғы КСРО құрамында болған республикалардың елшілері орыс театрының тұрақты көрермендері. Елшіліктермен тығыз байланыс орнатқанының арқасында горькийліктер Венгриядағы, Қытайдағы, Испаниядағы театр фестивальдарына арнайы шақыру алып, қатысып қайтты. Бәрінде де қазақстандық театр жоғары деңгейден көрініп, дипломант аталды. Ал Қытайда болған «Мәңгілік Шекспир» халықаралық фестиваліне Астаналық театр Қазақстан ғана емес, бүкіл ТМД елдері театрларының арасынан жалғыз қатысып, дипломант атануымен қатар басқаларға тартылмаған (бұл елде өнерпаздарға гүл сыйлау салты жоқ екен) бір себет гүлге қол жеткізіп, жұрттың бәрін таңғалдырды.

Орыста «қара бақыр құны жоқ» («грошь ему цена») деген бір қанатты сөз бар, бұл көбінесе халқына қайыры жоқ, қара басының ғана қамымен кеткен адамға қарата айтылады. Сол айтпақшы, Еркін Қасенов орыс театрында өзінің ұлтының мүддесін ойламай, қара басының тыныштығын ойлап, тек өзге әлемнің ығымен жүре берген болса, жоғарыдағы тіркесті оған да айтып қалуға болар еді. Бірақ Ерекең ондай емес, ұлтының ұстынын ұмытпай, орыс театрына қазақтың рухын енгізіп, оның қазақстандық қалпын қалыптастыруға да шын бейілімен еңбек етіп жүрген жан. Қазақ авторларының шығармаларын, қазақ тарихына байланысты оқиғаларды сахналап жүргені соның айқын айғағы. Мәселен, осы театрда тек Еркін Қасеновтің күш салуының арқасында ғана Рахымжан Отарбаевтың «Сұлтан Бейбарысы», Қазақ хандығының 550 жылдығына арнап Болат Жандарбековтің романының негізінде «Сақ патшайымы Томирис», «Алпамыс» (жыр негізінде) т.б. сахналанды. Соның ішінде «Сұлтан Бейбарысты» гастрольдік сапармен Венгрияға да апарып қойып, ежелгі мажарлардың ризашылығын алғаны бар. Бұл туралы «Егеменде» кезінде кеңінен жазылған болатын. Сондай-ақ О.Бөкейдің «Атаукересі», Ә.Оразбектің «Бір түп алма ағашы» театрда сәтті қойылған туындылар қатарында. «Наурыз мейрамынан» бастап Қазақстанның барлық ұлттық және мемлекеттік мерекелерінің де орыс театрында кеңінен аталып, шетелдік дипломатиялардың қатысуымен ұлықталуының өзі де көп нәрседен хабар береді.

Еркін Қасеновтің Ресей Федерациясының Қазақстандағы елшісі Михаил Бочарниковпен жақсы қарым-қатынасының арқасында театр сол елдегі көптеген фестивальдарға қатысып, ондаған қаласына гастрольдік сапармен барып қайтты. Горькийліктер ТМД мен Балтық бойы елдері орыс театрларының Санкт-Петербургте болып тұратын халықаралық фестивалінің жыл сайынғы қонағы және жүлдегері. Сонымен бірге Ресей Федерациясы Театр қайраткерлері одағы ұйымдастырған Шетелдердегі орыс театрларын қолдау орталығы құрған ассоциацияға да белді мүше болып келеді. Ресей Федерациясының президенті В.Путиннің жоғарыда аталған Алғыс хаты осы ассоциацияның ұсынысымен тапсырылған.

Міне, сөйтіп, Еркін Қасенов орыс тілдес шығармашылық ортаға қазақша оқыған адам басшылық жасай алмайды деген қасаң түсінікті теріске шығарып, іскерлігінің арқасында биіктерге жетіп жүрген осындай жан. Әрине, билік басындағы түйсікті азаматтар тарапынан қолдаулар болып тұрғанын да айта кету керек. Соның ішінде, әсіресе, Астана қаласының бұрынғы әкімі Иманғали Тасмағамбетовтің есімін Ерекең әмсе құрметпен ауызға алып отырады.

Сүлеймен МӘМЕТ, «Егемен Қазақстан»